

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII  
Международная научная конференция студентов и молодых  
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International  
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE  
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023**

бәсекелеседі[2]. Бұл жаңа бастаған авторларға салаға кіруді және оларға лайықты мойындауды қиындатуы мүмкін.

Авторлар негізінен туындыларды ақысыз негізде жасайды және интернетте жариялау кезінде олардың авторлық меншігін біреу ұрлап кетуі мүмкін (плагиат, құрастыру) немесе мазмұнды басқа ресурстарға таратқан кезде авторлық нұсқау жоғалады. Егер олар өз туындыларын жариялау үшін қандай да бір қаражат алғысы келсе немесе олардың авторлығы расталатынына сенімді болғысы келсе, мұндай авторлар баспа басылымдарындағы жарияланымды таңдайды. Авторлар өздерінің жұмыстарын газеттерде, журналдарда немесе басқа баспа басылымдарында жариялау үшін, ең алдымен, олар сол жазылған жұмыстың мазмұнына сәйкес келетін басылымды іздеуге немесе осы басылымның талаптарына сәйкес келетін шығарма жазуға мәжбүр. Интернетте жарияланған кезде бұл мәселе жоғалады – авторлар жанрлар мен шектеулерге назар аудармай, мазмұнды орналастыра алатын көп салалы сайттар бар. Интернетте жарияланған жұмыстан (мысалы, рефераттар, эсселер, аудармалар, тіркелген мақалалар және т.б.) ақша табатын авторлардың бар екенін жоққа шығаруға болмайды, бірақ олар үшін бұл шығармашылық процесс емес, күнделікті жұмыс.

Осы проблемаларға қарамастан, Қазақстандағы көптеген жазушылар онлайн-платформаларды өз пайдасына пайдалану жолдарын тапты. Кейбір танымал жазушылар өздерінің платформаларын жаңа таланттарды насихаттау және саланың алдында тұрған мәселелер туралы ақпарат тарату үшін пайдаланды. Басқалары жазушыларға мансабының барлық кезеңдерінде қолдау, кеңестер мен ресурстар ұсынатын онлайн қауымдастықтар құру үшін бірікті. Бұл қауымдастықтар жазушыларға оқырмандармен байланыс орнатуға және олардың беделін нығайтуға көмектесуде маңызды рөл атқарды, бұл олардың кең аудиторияға жетуін және танылуын жеңілдетеді[1].

Осылайша, Қазақстанда желілік әдебиеттің дамуы шешілуі қажет кейбір проблемалармен қатар жүреді. Авторлық құқықты қорғау, аудиторияның әдеби мәдениетін арттыру, шығармаларды ресми реттеу және басқа тілдерге аудару шаралары қажет. Бұл проблемаларды шешу Қазақстандағы желілік әдебиетті сақтауға және дамытуға көмектеседі.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Черняк В. Д., Черняк М. А. Массовая литература в понятиях и терминах: учеб. словарь справочник. 2-е изд., стереотип. М.: Флинта, 2015. 192 с.
2. Бычкова О. И. Сетевая литература: вопросы формы и стиля // Наследие веков. 2015. №2. С. 55–59.
3. Зиммель Г. Мода // Избранное. М.: Юристъ, 1996. Т. 2. Созерцание жизни. С. 266–291.
4. Ахметова А.М., Ақыш Н.Б. Кибер әдебиеттің жанр категориясы. 2020. <https://www.kaznu.kz/content/files/pages/folder21027/Akhmetova%20A.M.%20Izvestya%20of%20NANRK,%202020.pdf>
5. Жылқыбай, Д. Кибер әдебиет. 2020. <https://aqzhelken.kazgazeta.kz/news/34034>

FTAMP 17.01.09

#### **ӘЛИХАН БӨКЕЙХАННЫҢ КӨРКЕМ АУДАРМАҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ**

**Өскен Әсем Мақсатқызы**

[oskenasem@gmail.com](mailto:oskenasem@gmail.com)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

докторанты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші –ф.ғ.д., профессор Қамзабекұлы Д.

Әлихан Бөкейханның 1900 жылы «Дала уәлаяты» газетінің 10-нөміріне орыстың классик жазушысы Л.Н. Толстойдың аударған «Сурат кофейнесі» [1] деген әңгімесі жарық көреді. Әңгіменің соңына автор өз атымен «Алихан Букейханов» деп қол қояды. Арада 13 жыл өткеннен соң 1913 жылы «Қазақ» газетінің 1, 3, 4 сандарында «Оқшау сөз» деген айдармен бұл әңгіме «Дін таласы (Сурат кафеханасы)» [2] деген атаумен, Ә.Бөкейханның «Қыр баласы» деген танымал лақап атымен беріледі. Бұл жолы әңгіме қайта тәржімеленіп жаңғырған нұсқада басылып шығады. Әңгіменің соңына Ә.Бөкейхан: *«Бұл сөз адам баласының бәріне ағайыншылық көзбен қараған орыстың ұлы философы Толстой сөзінен алынды. Ол Бернарден Десан Пиер дегеннің сөзінен алған екен»*, - деп жазады. «Le café de Surate» авторы француз жазушысы Бернарден де Сен-Пьер (1737–1814) бұл әңгімені 1791 жылы жазады. Оны Лев Николаевич Толстой аударып, 1893 жылы «Северный вестник» журналына бастырады. Ал Ә.Бөкейхан ең алғаш 1900 жылы бұл әңгімені орысшадан қазақшаға аударып, «Дала уәлаяты» газетіне жариялайды.

Әңгіме Үнді жерінің Сурат қаласындағы кофеханада әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған адамдарының дін, Құдай туралы таласынан өрбиді. Ең әуелі, дау Иран елінің патшасынан қуғынға ұшыраған тәңіршіл ғалымның өзінің қара құлына: *«Құдай бар дейсің бе, жоқ дейсің бе?»* деген сауалынан басталады. Құлы беліне қыстырған кішкене ағашын алып шығып: *«Құдай бар, ол міне. Бұл менің Құдайым!»* деп, өз елінде өсетін «әулие» ағашының бұтағын көрсетеді. Бұл әңгімені естіп отырған брахма дініндегі адам: *«Құдай адамның беліне қыстырып жүруге келе ме?»*, - деп сынайды. Содан брахманы иудей (еврей), иудейді католик, католикті протестант, протестанты исламның суннит мазхабының өкілі сынап, бірінің айтқанын бірі жоққа шығарып, өз дінін басқа діннен биік санап, пікірталасады. Құдайды әркім өзіне иеленгісі келіп, бұл сауалдың соңы дау-дамайға ұласады. Айғай-шуға араласпай, сырттан бақылап отырған жалғыз адам – Конфуций ілімін ұстанған бір қытай ғана еді. Кімнің дінінің дұрыс-бұрыстығын, Құдай кімнің жағында екендігін біле алмай әлек болған Сурат кофеханасындағы дау-дамайшылар осы қытайдан ақырғы шешімді айтуын сұрайды. Әлгі қытай әңгіменің желісін арыдан бастайды. Ол ағылшын кемесімен Жер шарын айналып, осы Сурат қаласына келе жатқан сапарында «Күннің не екенін» зерттеймін деп, күнге ұзақ қараған себепті екі көзі де соқыр болған бір адамды кезіктіргенін айтады. Ол Күннің не екенін білу үшін оған ұзақ уақыттар бойына көз алмай қарап, ақыр соңында екі көзі де көр соқыр болып қалған екен. Сөйтіп, Күннің көзін көре алмаған себепті «Күн жоқ» деген шешімге келеді. Күннің жоқ екеніне айналасын сендіргісі келіп, құлынан: *«Күн деген не зат? Күн бар болса неге айнала қараңғы?»*, – деп сұрайды. Құлы: *«Міне менің Күнім»* деп ағаштан жасап алған шамшырағын көрсетіп, *«маған бұдан басқа Күннің де керегі жоқ»*, - деп қожайынының сұрағына жауап береді. Құлдың жауабына разы болмаған бір ақсақ Күнді өз ауылының маңындағы жарық сәуле деп, ақсақ шалға балықшы, балықшыға үнділік қарсы шығып, Күннің не екенін түсіндіре алмай әлек болған адамдар, ақыр соңында бірінің кемшілігін бірі бетіне басып, бірін бірі айыптап, Күнді әркім өз ауласына, өз аумағына сыйдырғысы келеді. Соңында, кеменің думаншысы Жердің Күнді айналатынын және тек Жер ғана емес басқа да көптеген ғаламшарлардың алып Күнді айналатынын айтып, ғылыми дәлелмен сөзін түйіндейді.

Көркем аударма – аудармашы тарапынан жасалған үлкен еңбек. Кез-келген автордың туындысын басқа тілге аудару үшін аудармашы екі халықтың арасында танымдық, психологиялық, тілдік және әдеби ерекшеліктеріне сәйкес делдалдық қызмет атқарады. Аударманың әдебиеттегі елеулі орны туралы: *«Расымен де, әрбір аударма – ерекше, өзгеше тәжірибе. Себебі, кез-келген шығарма – автордың қолымен жасалынатын қайталанбайтын туынды. Жақсы болсын, жаман болсын, дарынды автор болсын, тіпті қабілетсіз болсын, бізге белгілі бір ғана айғақ бар. Ол – мұндай шығарманың бұрын соңды болмағандығы және келешекте де жазылмайтындығы. Осының өзі шығарманың қайталанбайтынын және ерекшелігін көрсетеді. Ал, аударманың да сиқырлығы сонда – ол, осы қайталанбайтын туындыны өзге тілде*

қайталанған нұсқасын жасап шығара алады. ...Түсініксіз тілдегі көркем шығарма – әріптер мен тыныс белгілердің жиынтығы ғана. Ал осы жиынтыққа жаңа өмір сыйлау тек аудармашының ғана қолынан келеді. Бір қарағанда аудармашы өнер адамы сияқты болып көрінбеуі мүмкін. ...Бірақ, ол олай емес. Бір тілде өсіп шыққан өнер бәйшешегін алып жәй ғана өзге топыраққа отырғыза салуға болмас. Жалпы, оны өсіп-өнген топырағынан ажыратуға болмайды. Дәл осы сияқты, аудармашы да сол гүлдің тұқымын ақырын алу керек те, жаңа топырақта баптап өсіріп шығару керек. Жаңа топырақта, әрине жаңа әлем, жаңа тіл, жаңа орта болары сөзсіз. Маңыздысы, түбірінен айрылып қалмаса болды (аударма жасаған Әсем Өскен), - дейді С.Әбдірахманов [3, 38]. Әлихан Бөкейхан аудармашы ретінде француз жазушысы Бернард де Сен-Пьерден алған орыстың жазушысы Лев Толстойдың бұл әңгімесінің негізгі идеясын дәл берді деп ойлаймыз. Әңгіменің негізгі мақсаты: ушыққан тақырып – діни таласқа нүкте қойып, адамдарды бірін-бірі сыйлауға, бір-бірінің наным-сеніміне құрметпен қарап, толерантты болуға жұмылдыру. Ал, ізгілікке жетелейтін бірден-бір төте жол – ғылым игеру. Адамзатқа түсініксіз, жұмбақ болып келген құбылыстардың жауабын ғылым арқылы іздеп, соңғы нүктесін де ғылым арқылы қою керек деген ойды автор бәрінен дұрыс санайтынын астарлап жеткізеді.

Біз Ә.Бөкейханның аудармашы ретіндегі қабілеті мен жазушылығының қай дәрежеде екеніне нақты баға беру мақсатында, таза әдеби-сыни сипаттағы салыстырулар жасап өттік. Әлиханның екі кезеңдегі, яғни 1900 жылы «Дала уәлаяты» газетінде жарияланған «Сурат кофейнесі» аудармасы мен 1913 жылы «Қазақ» газетінде жарияланған «Дін таласы» аудармасын салыстырдық. Екі кезеңдегі жарияланған бұл әңгімені салыстырудағы негізгі мақсатымыз: Әлиханның тілдік, стильдік ерекшеліктері мен ХХ ғасыр басындағы жазба әдебиетінің қалыптасу ерекшелігіне барынша назар аудару еді.

**Л.Н.Толстойдың «Суратская кофейная» әңгімесіндегі ел, жер, әр түрлі маман иелерінің және кейбір атаулардың Ә.Бөкейхан аудармасындағы нұсқасы:**

| <b>Л.Толстой нұсқасы:</b> | <b>«Дала Уалаяты» 1900ж</b>     | <b>«Қазақ» 1913ж</b>                         |
|---------------------------|---------------------------------|--|
| <b>Индийском городе</b>   | Индия                           | Үнді жері                                    |
| <b>Персия</b>             | Персия                          | Иран   |
| <b>Брамин</b>             | Брамин (Брама)                  | Брахма дініндегі біреу                       |
| <b>река Гангеса</b>       | Ганга өзені                     | Ғанғыс дариясы                               |
| <b>Храм</b>               | Храмдар                         | Ғибадатханалар                               |
| <b>Жрец</b>               | Жрец                            | Абыз   |
| <b>Иерусалим</b>          | Иерусалим                       | Құдыс  |
| <b>Спасение</b>           | Ұжмақ                           | сауап жол                                    |
| <b>Иисус</b>              | Ғайса                           | Иса  |
| <b>Турок</b>              | Түркі                           | Түрік  |
| <b>последователи Али</b>  | Әзірет Әлиді пайғамбар дегендер | Сунни мазһабындағылары, Шийт мазһабындағылар |
| <b>Неверные</b>           | Арам                            | Кәпір  |
| <b>Бог</b>                | Құдай                           | Хақ Құдай, Алла, Ұлық Тәңірі                 |
| <b>ученик Конфуция</b>    | Конфуцияның шәкірті             | Конфутси мазһабындағы                        |
| <b>Англия</b>             | Англия                          | Ағылшын                                      |
| <b>Шалаш</b>              | Күрке                           | Үй   |
| <b>Индеец</b>             | Индия адамы                     | Үнділік                                      |
| <b>Дева</b>               | Дэва                            | Диуа   |
| <b>горы Сперувя</b>       | Сперувя (деген алтын тау)       | Аспаруа (деген алтын тау)                    |
| <b>Египет</b>             | Египет                          | Мысыр  |

|                    |                      |                        |
|--------------------|----------------------|------------------------|
| <b>Черное море</b> | Черни теңіз          | Қара теңіз             |
| <b>Арабия</b>      | Арабия               | Арабстан               |
| <b>Кормчий</b>     | кеме бастығы         | Думаншы                |
| <b>Купели</b>      | Храмның төбе тақтайы | Ғибадатхана күмбездері |

Бұл салыстырулардан 1900 жылдан қарағанда 1913 жылы Әлиханнның сөздік қоры дамып, стилі өзгергендігін байқаймыз. «Сөздік қоры дамып» деп айтуымыздың себебі, алаштану ғылым саласында «Әлиханнның қазақ тіліндегі мақалаларынан қарағанда орыс тіліндегі мақалалары сәтті шығып отырған» деген пікірдің бар екені белгілі. Мұндай пікірдің болу себебі, Әлиханнның алғашқы публицистикалық мақалалары орыс тілінде жарияланып отырды да, қазақ тілінде жазылған мақалалары аз болды. Сол себепті де Әлиханнның жазба тілі орысша қалыптасып қалғаны белгілі. Бірақ, бұл оның қазақша жазба тілінің нашар болғанының көрсеткіші емес. Жоғарыдағы кестеден байқағанымыздай Әлиханнның 1900 жылғы тілдік ерекшелігі мен 1913 жылғы тілдік ерекшелігінің айырмашылығы жер мен көктей. Мысалы, 1910 жылы аудармасында «Индия» дегенді, 1913 жылғы нұсқада «Үнді жері» десе, «Персияны» – «Иран», «Англияны» – «Ағылшын», «Египетті» – «Мысыр», «храмды» – «ғибадатхана» деп қазақшаға аударғанын байқаймыз. Бұл екі аудармалардан арада он үш жыл өткен соң орыс тілінің көлеңкесінен біртіндеп шыға бастағанын байқаймыз. Яғни, ел, жер, қала атаулары мен кейбір өзге тілден енген сөздер толықтай қазақшаға аударылған.

Екі кезеңдегі жазылған («Сурат койейнесі», 1900 жылы «Дала уалаяты» газетіне және «Дін таласы (Сурат кафеханасы) болып 1913 жылы «Қазақ» газетіне жарияланған) бұл әңгіменің етістіктер мен зат есімдерді аударудағы ерекшелігі:

| <b>Л.Толстой нұсқасы:</b>          | <b>1900 ж</b>                    | <b>1913 ж</b>                     |
|------------------------------------|----------------------------------|-----------------------------------|
| перебил                            | Кие соқты / Кейіп кетті          | Сөзін бөліп жіберді / Бөліп айтты |
| истина                             | Түзік                            | Хақ                               |
| рыбак                              | Аушы                             | Балықшы                           |
| кофейная                           | Кофейне                          | Кафехана                          |
| ходивший за ним                    | көтінен қалмайтын                | соңында еріп жүретін              |
| сел на камень                      | Тасқа көтін қойып отырды         | Отырды                            |
| опиум начал расшевеливать его мозг | Ақылы сергеліп (апиын ішкен соң) | Апиын миына тиіп                  |
| безумец                            | Ақылсыз                          | жарым ақыл                        |
| любить больше других               | артықшы жақсы көру               | артық көру                        |
| спасение                           | Ұжмақ                            | Сауап                             |
| Поддержать                         | Болысу                           | Қостау                            |
| завладеть                          | Билеу                            | қолға түсіру                      |
| бутылка                            | бөтелке                          | Шыны                              |
| совершенно уверился                | иланды                           | Нанды                             |
| ночник                             | білте                            | білте шам                         |
| Море                               | Мұхит                            | Теңіз                             |

Екі аударманы салыстыра келе тағы да кейінгі, яғни 1913 жылғы аударманың сәтті шыққанын байқаймыз. Себебі, мұнда аударманың мазмұны мен идеясы сақталып, қазақша баламасы нақты және әдеби тілге барынша жақындай түскен. Мысалы, алғашқы, яғни 1900 жылғы нұсқада «кофейне», ал кейінгі, яғни 1913 жылғы нұсқада «кафехана», «аушы» - «балықшы», «артықша жақсы көру» – «артық көру», «бөтелке» – «шыны» деп аударған.

Арада 13 жыл ғана уақыт өтсе де қазақ қоғамында Алаш зиялыларының қызмет еткен шағында «аударма», «терминология» ғылым саласы біршама дами түскенін көреміз.

Аудармашының екі кезеңдегі (1900 жыл және 1913 жыл) қазақ тілі ережесіне, морфологиясына сай сөйлем құраудағы тілдік ерекшеліктері:

| <b>Л.Толстой нұсқасы:</b>   | <b>Ә.Бөкейханның 1900 жылғы аудармасы:</b>   | <b>Ә.Бөкейханның 1913 жылғы аудармасы:</b>  |
|---|--|---|
| ...а бог, как и обещал, соберет опять народ свой в Иерусалим с тем, чтобы восстановить чудо древности, Иерусалимский храм, поставить Израиля владыкой над всеми народами. | - Құдай өзі уағда берген: жебрей жұртын Иерусалимге жиып, тамам жұртқа хукімші қояды деп.  | Бізге жіберген Құдайдың уағдасы бар: «Құдысқа қайтадан жиып, Құдыс ғибадатханасын қайта орнатып, басқа жұрттың үстінен үкімінді жүргізіп қоямын» деген. |
| — Как можете вы говорить, что спасение возможно только в вашем исповедании?   | - Қалайша сөйлейсің, сенің дініңнен тысқары ұжмақ жоқ деп?!  | «Қалайша сіз жалғыз сауап жол өздерінде дейсіңдер?»   |
| Когда же он стал совсем слеп, тогда уже совершенно уверился в том, что солнца нет.  | Әбден соқыр болып алып, алаңсыз иланды «күн жоқ!» деп.   | Көзден айрылған соң күн жоқ дегенім рас екен деп нанды да қойды.  |
| Ну, что, раб, правду я тебе сказал, что нет солнца?   | - Қалай, құлым, мен саған рас айтуым: күн жоқ, -деп.   | «Күн жоқ дегенім рас емес пе?»  |
| ... если бы смотрел вверх на небо, а не себе под ноги и не думал бы, что солнце светит только для одного него или для одной его родины.                                   | ...егер жоғары қарасаңыздар, аяқ астарына қарамай, мұны білген соң ойламас едіңіздер: күн жалғыз-ақ маған, менің жеріме жарық деп. | ...көзтарлық етіп, аяқтардың астына қарамай, жоғары күнге қарасаңдар, осы айтқанның бәрін де һәр қайсысың оп-оңай-ақ түсінер едің»                      |

Жоғарыдағы кестеде Л.Толстойдың «Суратская кофейная» әңгімесінің екі кезеңдегі бұл аудармасын салыстырмалы түрде оқып қарасақ, екі басқа аудармашының қолтаңбасы сияқты ой қалдырады. Алайда, екі аударманың да Ә.Бөкейхандікі екендігінде шүбә жоқ. Себебі, 1900 жылы «Дала уәлаяты» газетіндегі «Сурат кафеханасының» соңына «Алихан Бөкейхан» деп қол қойылса, 1913 жылы «Қазақ» газетіндегі «Дін таласы» деп аталатын нұсқада «Қыр баласы» деп қол қойылғанын білеміз. Ал, «Қыр баласы» Ә. Бөкейханның «жиі» қолданып отырған лақап аты.

Бір ғасырдың екі кезеңінде жазылған бір шығарманың екі басқа автордікі болуы мүмкін деген күмән туындауының бірнеше себебі бар: 1. Бұл екі кезең, алғашқысы қазақ әдеби жазба тілінің қалыптаса қоймаған уақыты болса, екіншісі, қалыптасқан кезеңі дер едік. 2. Аударма, көркем аударма саласының да қалыптаспаған және қалыптасқан екі кезеңін аңғарамыз. 3. Аудармашы автордың әдеби мәтіндерді беруде, аударудағы әдеби тілінің төселе қоймаған және барынша жаттыққан, төселген екі нұсқасын байқаймыз. «*Ну, что, раб, правду я тебе сказал, что нет солнца?*» деген Л.Толстойдың аудармасын Ә.Бөкейхан алғашқы нұсқасында: «*- Қалай, құлым, мен саған рас айтуым: күн жоқ деп*», - деп оқырманға әдеби аудармадан гөрі тікелей аударма нұсқасын немесе қазақ тілі грамматикасына сәйкес емес нұсқасын ұсынса, 1913 жылғы нұсқасында: «*Күн жоқ дегенім рас емес пе?*», - деп нақты, дәл және

қазақ тілі грамматикасын да сәйкес нұсқасын береді. Яғни, 1900 жылғы аудармасында Ә.Бөкейхан сөйлемдерді қазақ тілінің грамматикасына бағынбайтын ереже арқылы, орыс тілінен тікелей аударма жасап әр сөйлемнің соңын «деп» деген сөзбен аяқап отырады. Ә.Бөкейхан алғашында орыс тілінен тікелей аударып, қазақ тілінің заңдылықтарына бағына қоймайды да, ал кейін бұл олқылықтардың орнын толтырады.

Ғалым Өмірзақ Айтпаев: *«По-нашему, художественный перевод имеет прямое отношение к литературе и к языку. Образно говоря, если сравнить это с возможностью птицы летать только с помощью двух крыльев, то и художественный перевод не может развиваться, совершенствоваться без литературных и языковых принципов»* [5], - дегендей аудармашы қандай мықты болса да, ол сол аударып жатқан тілдің әдеби және тілдік принциптерінен аттап кете алмайтыны сөзсіз. Тиісінше, Әлиханнның екі кезеңде аударылған бұл мақаласының екі түрлі болып аударылғаны қалыпты құбылыс.

### **Қорытынды**

Әлихан Бөкейхан да, Л.Н. Толстой да табиғатында адамзатты ұлтына, дініне, тіліне, сенімі мен танымына, түр-түсіне қарап бөлмеген, адамзаттың бәріне тең көзбен қараған гуманист тұлғалар. Л.Н. Толстоймен ойы мен санасы түйіскен Әлихан оның «Сурат кофеханасы» әңгімесін таңдап алып, қайта-қайта көркем аударма жасауы екі тұлғаның бір көкжиек биігінен табыла білгендігі. Сондай-ақ, Алаш ардақтысы Әлихан Бөкейхан аудармашы ретінде қазақ әдебиеті мен мәдениетінің дамуына зор үлес қосты. Әлихан Л.Н.Толстойдан бөлек Ги де Мопасан, О.Уайлд, И.С. Тургенов, Мамин-Сибиряк, Н. Маркс, т.б. жазушылардың туындыларын қазақшаға көркем аударма жасады. Әлихан Бөкейхан алғашқылар қатарында орыс және Еуропа жазушыларының шығармаларын сәтті аударып, қазақ оқырманына жеткізген Алаштың дарынды аудармашы-жазушысы!

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Әлихан Бөкейхан. Шығармалары. Сочинения. I том. Алаш Орда. Астана, 2018, 608 б.
2. Әлихан Бөкейхан. Шығармалары. Сочинения. VIII том. Алаш Орда. Астана, 2018, 600 б.
3. Абдрахманов С. Перевод поэзии и поэзия перевода. – Астана: Аударма. 2008, 472 с.
4. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясын қалыптастыру мен дамыту қағидаттары. <https://termincom.kz/articles/?id=70>
5. Айтпаев О. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Вопросы казахского языкознания., А., 2007, 365 с.

ӘОЖ 17.14.15

## **ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ АЛАШ КЕЗЕҢІ ӘДЕБИЕТІНІҢ АЛАТЫН ОРНЫ**

**Сексенбай Жансая Мырзағалиқызы**

[jansaya.seksenbay@gmail.com](mailto:jansaya.seksenbay@gmail.com)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

2-курс магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., профессор Жұмағұл С.Б.

Алаш кезеңі әдебиетінің басты ұраны мен бағыты азаттық рухы, азаматтық ұстаным, қайраткерлік болмыс, ағартушылық бағыт және авторлық дара қолтаңбамен пайымдалады. Жоғары мектептерде педагогтерді даярлау бағытындағы білім беру бағдарламасы да осы ұстанымдарды негізге алуы тиіс.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басты мақсаты ретінде «Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық